САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Астана қаласы Нотариаттық палатасының төрағасы лауазымына кандидат Таджиева Әсия Тоқанқызының сайлауалды бағдарламасы

«Палата әрбір нотариустың тірегі және қорғаны ретінде»



ПАЛАТА ӘРБІР НОТАРИУСТЫҢ ТІРЕГІ ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫ РЕТІНДЕ

Құрметті әріптестер!

Мен Астана қаласының Нотариаттық палатасы төрағасы лауазымына өз кандидатурамды қарапайым, бірақ аса маңызды қағидатты ұстана отырып ұсынамын: әрбір нотариус қиын жағдайға тап болған кезде жалғыз қалмайтынын сезінуі тиіс. Нотариаттық палата өз мүшелерінің әрдайым жанынан табылып, олардың мәселелеріне мұқият назар аударып, мән-жайды анықтауға көмектесіп, заңды мүдделерін қорғауға және нотариат кәсібіне әділ көзқарас қалыптастыруға ықпал етуге міндетті.

Мен үшін әріптестерімді қорғау – жай ғана айтылған сөз емес, күнделікті атқарылатын нақты жұмыс: бұл – уақтылы құқықтық қолдау көрсету, ашық әрі адал диалог орнату, әрбір маманның қадір-қасиетін құрметтеу және Палатаның мүдделерін сауатты әрі кәсіби деңгейде білдіру. Қоғамдастықтың әрбір мүшесі өз кәсіби қызметін сеніммен атқарып, оның пікірі мен ұсынысы әрдайым назарға алынып, ескерілетініне сенімді болғанын қалаймын.

кәсіби жол

Менің тәжірибем және жауапкершілігім

1992

Заң саласындағы еңбек жолының бастауы

Менің заң саласындағы кәсіби жолым 1992 жылы басталды. Еңбек жолымда Алматы облысы Іле халық сотында мемлекеттік сот орындаушысы, Алматы облысы Іле ауданы прокуратурасының кеңсе меңгерушісі, коммерциялық ұйымның заңгері және Алматы қаласында нотариустың көмекшісі қызметтерін атқардым.

Білімім

Талдықорған заң техникумын «Құқықтану» мамандығы бойынша және әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім.

Нотариаттық практика

2002 жылдың қазан айынан Астана қаласының жекеше нотариусы болып қызмет етемін.

МЕНІҢ ТӘЖІРИБЕМ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМ

Кәсіби қоғамдастықтағы қызметім

Астана қаласының Нотариаттық палатасы мен Республикалық нотариаттық палатасы комиссияларының жұмысына бірнеше рет қатыстым, нотариустардың қатысуымен қаралатын азаматтық істер бойынша сот отырыстарына Палата атынан маман ретінде тартылдым.

Астана қаласының нотариустары үшін тұрақты түрде тегін оқыту вебинарларын (аудармашы қолының түпнұсқалығын куәландыру, нотариаттық құпияны сақтау, тәртіптік комиссия қызметінің қорытындылары бойынша) өткіздім. Кәсіби чаттарда нотариаттық практика мәселелері бойынша әріптестеріме үнемі кеңес беріп, практикалық тәжірибеммен бөлісемін және тағылымдамадан өтушілерді даярлаумен айналысамын.



Марапаттар

«Нотариат саласындағы адал еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Республикалық нотариаттық палатаның және Астана қаласы Нотариаттық палатасының құрмет грамоталары мен алғыс хаттарымен марапатталдым.

МЕНІҢ ТӘЖІРИБЕМ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМ

Тәртіптік комиссиядағы тәжірибем

2018
Комиссия мүшесі болып сайландым

2022
Қайта сайландым

8 жыл
Комиссия құрамындағы тәжірибе

2018 жылдың желтоқсан айында Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының мүшесі болып сайландым, ал 2022 жылдың желтоқсанында аталған комиссияның мүшесі болып қайта сайландым. Комиссия құрамында 8 жыл атқарған қызметім маған нотариустардың практика барысында қандай нақты проблемалармен кездесетінін тереңірек түсінуге, жан-жақты сараланған шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді және әрбір істі объективті, әділ әрі құрметпен қараудың маңыздылығын ұғынуға көмектесті. Бұл тәжірибе қасақана жасалған құқық бұзушылықты, адал ниетпен жіберілген қателікті және техникалық сипаттағы олқылықты бір-бірінен нақты ажыратудың маңыздылығын көрсетті. Тәртіптік жауапкершілік объективті негізделіп, жасалған әрекеттің сипаты мен ауырлық деңгейіне сәйкес белгіленуі тиіс.

МЕНІҢ ТӘЖІРИБЕМ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМ

Бұл тәжірибе маған әрбір істің артында адамның тағдыры, кәсіби абыройы мен көп жылғы еңбегі тұрғанын ұғындырды.

Сондықтан Палата қабылдайтын шешімдер байыппен қабылданған, заңға сай әрі әділ болуы керек.

Палата алдындағы басым міндеттерім

10 бағыт

01 Әрбір нотариусты қорғау

02 Қауымдастықта әділдік пен өзара сыйластықты қалыптастыру

03 Кәсіби білімді жетілдіру және тәжірибедегі сенімділікті арттыру

04 Әріптестерге цифрлық жүйелермен жұмыс істеуде көмектесу

05 Азаматтық кодекс

06 Нотариустар санын реттеу тәртібін кезең-кезеңімен және әділ негізде қалпына келтіру

07 Мемлекеттік органдармен өзара байланысты нығайту және нотариаттың мүдделерін қорғау

08 Палатаның қаржы-шаруашылық қызметін сауатты әрі тиімді басқару

09 Палатаны басқаруда ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету

10 Ынтымақтастық, әлеуметтік қорғау және әріптестерге қамқорлық көрсету

ПАЛАТА АЛДЫНДАҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІМ

01 Әрбір нотариусты қорғау

Палата нотариус талап-арыздарға, тексеруге, сот талқылауына тап болса немесе заңнаманы түсіндіруде қиындықтар туындаса, Палата оған дер кезінде қолдау көрсетуі тиіс. Мен Палата мүшелеріне құқықтық қолдау көрсетуді күшейтуге, олардың заңды мүдделерін қорғау ісіне белсенді қатысуға, сондай-ақ нотариаттық практикадағы маңызды мәселелер бойынша уақтылы ақпараттандырып отыруға ниеттімін.

Әріптесіміздің әрбір өтініші назардан тыс қалмауы керек. Мен нотариустар өз мәселесімен кімге және қайда жүгіну керектігін, өтінішін кім қарайтынын және қашан жауап алатынын нақты білетіндей, түсінікті кері байланыс тәртібін қолдайтын боламын. Егер қандай да бір мәселені бірлесе отырып шешуге мүмкіндік болса, Палата әріптесіне көмектесіп, тығырықтан шығудың жолын табуға атсалысуы керек, ешбір нотариус өз мәселесімен жалғыз қалмауы тиіс.

01

Әрбір нотариусты қорғау

Қорғау жауапкершілікке тартылғаннан кейін емес, мәселе туындаған сәттен басталуы тиіс, әр нотариус кәсіби қауымдастықтың қолдауын сезінуі қажет.

Пікірлер, шағымдар, қарсылықтар мен құқықтық қорытындыларды дайындауға көмектесу, тексерулер мен сот даулары кезінде әріптестерге заң аясында қолдау көрсету.

ПАЛАТА АЛДЫНДАҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІМ

2. Қауымдастықта әділдік пен өзара сыйластықты қалыптастыру

Мықты Палата әріптестер арасындағы сенімге негізделеді. Ішкі мәселелер заң талаптарын, кәсіби әдепті және әркімнің өз пікірін білдіру құқығын сақтай отырып, бейтарап қаралуы тиіс. Мен Палатаның барлық мүшелеріне еңбек өтіліне, жұмыс орнына және жеке көзқарасына қарамастан, тең әрі құрметпен қарауды қолдаймын.

Тәртіптік рәсімдер қысым көрсету немесе қорқыныш тудыру құралына айналмай, нотариатқа деген сенім мен кәсіби стандарттарды нығайтуға бағытталуы тиіс. Әрбір процесс объективті, ашық әрі әділ қаралуы маңызды.

ПАЛАТА АЛДЫНДАҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІМ

3. Кәсіби білімді жетілдіру және тәжірибедегі сенімділікті арттыру

Практикалық оқыту

Заңнама мен нотариаттық практика үнемі өзгеріп отырады, сондықтан әріптестерге формалды есептілік емес, күнделікті жұмыста нақты көмек қажет. Осы мақсатта тәжірибелік семинарлар, вебинарлар мен күрделі кейстерді талқылауды ұйымдастырып, білікті мамандарды тарту және нотариустар арасында тәжірибе алмасуды дамыту бағытында жұмыс істеймін.

Бірыңғай тәсіл және тағылымдама

Астана қаласының нотариаттық қызметін тұрақты түрде жинақтап, нотариаттық әрекеттерді жасауда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді ұсынамын. Тағылымдамаға да ерекше көңіл бөлемін: болашақ нотариустар тек теориялық білім алып қана қоймай, сапалы практикалық даярлықтан өтуі тиіс.

ПАЛАТА АЛДЫНДАҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІМ

4. Әріптестерге цифрлық жүйелермен жұмыс істеуде көмектесу

Цифрлық сервистер нотариустардың күнделікті қызметінің ажырамас бөлігіне айналды. Палата әріптестердің жаңа өзгерістерге тез бейімделуге көмектесіп, түсінікті нұсқаулықтармен қамтамасыз етуі және техникалық ақаулар туралы хабарламаларға жедел әрекет етуі тиіс. Нотариустардың сапалы әрі кедергісіз жұмыс істеуіне кедергі келтіретін барлық мәселелер бойынша жедел ақпарат алмасуды және кері байланысты қамтамасыз етуге қолдау көрсетемін.

Сонымен қатар, бұрын әзірленген цифрлық бастамалардың: ҚМА тізімдерімен интеграциялау, ФМ-1 нысаны мен есептерді автоматты түрде жолдау, заңды тұлғалардың бенефициарлары туралы ақпарат көлемін кеңейту бағытындағы жұмыстардың іске асырылуын сүйемелдеуді және бақылауды маңызды деп санаймын.

2027

БНЦЖ-2 жүйесі

2027 жылдан бастап БНЦЖ-2 жаңа жүйесіне көшуге, нотариустардың оны меңгеруіне практикалық көмек көрсетуге және туындайтын мәселелерді жедел шешуге ерекше назар аударамын.

5. Азаматтық кодекс

Жаңа Азаматтық кодекстің әзірленуі және алдағы уақытта қабылдануы нотариаттық қауымдастыққа базалық салалық заңнамаға өз кәсіби ұсыныстары мен түзетулерін енгізуге бірегей мүмкіндік береді.

Практик мамандардың атынан мұрагерлік құқық нормаларын жетілдіру, кәмелетке толмағандардың қатысуымен жылжымалы және жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару мәмілелерін, сондай-ақ ортақ меншік құқығындағы үлестерді иеліктен шығару жөніндегі мәмілелер мен құқықтық қорғауды күшейтуді талап ететін өзге де әлеуметтік маңызы бар шарттарды міндетті нотариаттық куәландыруды енгізу мәселелері бойынша заңнамалық бастамаларды әзірлеу және ілгерілетуге қатысты жүйелі жұмысты ұйымдастыру қажет деп санаймын.

6. Нотариустар санын реттеу тәртібін кезең-кезеңімен және әділ негізде қалпына келтіру.

2012

Квоталар алынып тасталған жыл

4 000+

Қазіргі уақытта қызмет атқарып жүрген мамандар

Нотариус мемлекет атынан әрекет етеді және азаматтардың жылжымайтын мүлік, мұрагерлік және бизнес мәселелеріндегі құқықтық қауіпсіздігіне жауап береді. Алайда 2012 жылы квоталардың алынып тасталуы нотариустар санының теңгерімсіз бөлінуіне әкелді: ірі қалаларда нотариустар саны шамадан тыс көбейіп, бұл әділетсіз бәсекелестікке және қызмет көрсету сапасына кері әсерін тигізсе, шалғай аудандарда, керісінше, нотариустар тапшылығы байқалады.

Нотариустар санын қайта реттеу қажеттілігі туындап отыр, алайда бұл шараны ҚР Әділет министрлігімен және Республикалық нотариаттық палатамен бірлесіп, конституцияда бекітілген еңбек ету бостандығын және қазіргі уақытта қызмет атқарып жүрген 4 000-нан астам маманның мүдделерін ескере отырып, жан-жақты ойластырылған әрі кезең-кезеңімен жүзеге асыру қажет.

Квоталарды біртіндеп, кезең-кезеңмен енгізу мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

01

Жұмыс істеп жүрген мамандардың құқықтарын қорғау:

қызмет атқарып жүрген бірде-бір нотариус лицензиясынан айырылмайды – квоталар кадрлардың табиғи түрде жаңаруына қарай біртіндеп енгізілетін болады.

02

Өңірлерде нотариаттың қолжетімділігін қамтамасыз ету:

ауыл тұрғындары да қала тұрғындары сияқты нотариаттық қызметті еркін ала алатындай әрбір қала мен ауданның нақты қажеттілігіне қарай нотариустар саны белгіленеді.

03

Санға емес, сапаға басымдық беру:

квоталарды тағылымдамадан өту мен емтихандарға қойылатын талаптарды күшейту арқылы енгізу нотариустардың жауапкершілігін арттырып, азаматтардың құқықтық мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

07

Мемлекеттік органдармен өзара байланысты нығайту және нотариаттың мүдделерін қорғау

Жұмысымның негізгі бағыттарының бірі – уәкілетті мемлекеттік органдармен жүйелі, сындарлы әрі нәтижелі байланыс орнату.

Астана қаласының Әділет департаментімен нотариустың кәсіби дербестігін қорғау негізінде жазалау шараларынан гөрі құқық бұзушылықтардың алдын алуға басымдық беру және азаматтардың негізсіз шағымдарын формалды түрде қанағаттандыруға жол бермеу бағытында өзара іс-қимылды нығайту.

Палата кәсіби мәселелерді талқылаумен ғана шектелмей, нотариат қауымдастығының мүдделерін белсенді түрде қорғап, заңнамаға қажетті өзгерістер енгізуді ұсынып, нотариустардың өзекті мәселелерінің шешілуіне ықпал етуі тиіс.

Нотариаттық тарифтер және адал бәсекелестік

Нотариаттық тарифтер мәселесіне ерекше назар аударуға ниеттеніп отырмын. Әділет министрлігімен байланысты жандандырып, инфляцияны, шығындардың өсуін және нотариаттық қызметтің нақты экономикалық жағдайын ескере отырып, тарифтік саясатты қайта қарау және оған өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауды қажет деп санаймын. Сондықтан тарифтерді нақты инфляция деңгейін, кеңселерді ұстауға кететін шығындардың өсуін және құқықтық сараптамаға жұмсалатын еңбекті ескере отырып, Республикалық нотариаттық палата мен ҚР Әділет министрлігі арқылы қайта қарау және индекстеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді жоспарлап отырмын. Атап айтқанда, ипотекалық тұрғын үй заемы есебінен сатып алынатын жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарын куәландырғаны, сондай-ақ мұраға құқық туралы куәліктер бергені үшін төленетін тарифтерді қайта қарау мәселесін көтеремін. Сонымен қатар, дәлелдемелерді қамтамасыз ету үшін жеке тариф белгілеу қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, жекеше нотариустардың өз қаражаты есебінен тегін және жеңілдікпен көрсететін нотариаттық әрекеттерінің тізбесін қысқарту және кейбірін алып тастау бағытындағы жұмысты жалғастыру қажет деп санаймын. Бұдан бөлек, Нотариаттық палата қаланың кәсіби қауымдастығы ішінде бағаны негізсіз төмендету мен адал емес бәсекелестіктің алдын алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуі тиіс.

Банк комиссиялары және мемлекеттік деңгейдегі қорғау

Kaspi, Halyk және POS-терминалдар арқылы нотариаттық қызметтерге қолма-қол ақшасыз төлем жасау кезінде алынатын банк комиссиялары мәселесіне де ерекше назар аударамын. Банк комиссиясы белгіленген нотариаттық тарифті азайтпауы және нотариустың есебінен төленбеуі үшін қолданыстағы тәртіпті қайта қарау қажет деп санаймын. Мұндай комиссияларды төлеудің әділ тәртібін қалыптастыру және нотариаттық әрекет үшін төлем түбіртегін әзірлеу кезінде осы мәселені ескеру мақсатында Республикалық нотариаттық палатамен, мемлекеттік органдармен, екінші деңгейлі банктермен және БНЦЖ-2 жүйесін әзірлеушілермен келіссөздер жүргізуге бастама жасаймын.

Біздің міндетіміз – нотариат қауымдастығының пікірін жеткізіп, оның мүдделерін мемлекеттік деңгейде кәсіби әрі нақты дәлелдермен қорғау.

8. Палатаның қаржы-шаруашылық қызметін сауатты әрі тиімді басқару

Палатаның қаржылық тұрақтылығы мен материалдық базасын дамыту – оның тиімді жұмысының маңызды негізі.

Бұған дейінгі басшылық елеулі жұмыстар атқарды: жаңа кеңсе сатып алынып, жөндеу жұмыстары жүргізілді, заманауи жұмыс кеңістігі жасақталды, қажетті құрал-жабдықтар алынып, қаржылық қор қалыптастырылды.

Бұл жетістіктерді сақтап, одан әрі дамыту, қаражатты үнемді пайдалану, бюджетті тиімді жоспарлау және қаржылық қорды қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру маңызды деп санаймын. Қаржы-шаруашылық қызметінің ашықтығына, қаражаттың мақсатты жұмсалуына және Палата мүшелеріне тұрақты есеп беруге ерекше көңіл бөлемін.

Әрбір нотариус Палатаның қаражаты орынды, айқын әрі бүкіл кәсіби қауымдастықтың мүддесі үшін жұмсалатынына сенімді болуы тиіс.

9. Палатаны басқаруда ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету

Мен ашық және алқалы басқаруды, нотариустармен тұрақты диалог орнатуды және Палата қызметі туралы уақтылы ақпарат беруді қолдаймын.

Палатаның әрбір мүшесі өз пікірін білдіруге, маңызды мәселелерді талқылауға қатысуға және қабылданған шешімдер мен басшылық жұмысының нәтижелері туралы шынайы ақпарат алуға мүмкіндікке ие болуы тиіс деп санаймын.

Әріптестердің сенімі ашықтыққа, адалдыққа және нақты жұмыс нәтижелеріне негізделуі керек.

ПАЛАТА АЛДЫНДАҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІМ

Жекеше нотариус салалық кәсіподақтың қорғауында емес және көбінесе өз қиындықтарымен жалғыз қалады. Нотариаттық палата әріптестер үшін шынайы тірек әрі әлеуметтік қолдау орталығы болуы тиіс деп есептеймін.

Палата жанындағы Әлеуметтік қолдау қорының мүмкіндіктерін сақтай отырып, одан әрі дамыту қажет. Әрбір нотариус ауыр сырқаттанған кезде, ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз болған жағдайда, отбасында бала дүниеге келгенде немесе жақындарынан айырылған жағдайда нақты қолдауды сезінуі тиіс.

10

Ынтымақтастық, әлеуметтік қорғау және әріптестерге қамқорлық көрсету

Күшіміз - бірлікте

Мен барлық мәселені бірден шешуге уәде бере алмаймын. Бірақ әрбір жағдайға жауапкершілікпен қарап, әріптестермен ашық әрі шынайы сөйлесуге, заң аясында әрекет етуге және бастаған істі соңына дейін жеткізуге уәде беремін. Мен үшін Палата Төрағасы болу – ең алдымен кәсіби қауымдастыққа қызмет ету және Палатаның әрбір мүшесінің алдында жеке жауапкершілікте болу.

Мен Астана қаласы Нотариаттық палатасының әрбір әріптес қолдау тауып, практикалық көмек ала алатын, өз құқықтары мен қадір-қасиетінің қорғалатынына сенімді болатын ортаға айналғанын қалаймын. Бірлесе отырып, өзара сенімімізді нығайтып, нотариаттың беделін арттырып, кәсібімізді одан әрі дамытуға үлес қосатынымызға сенімдімін. Біз ортақ мақсат жолында бір команда болып жұмылып, күш біріктіріп, алға қойған міндеттерімізді бірлесе жүзеге асырғанда нақты нәтижеге қол жеткіземіз деп сенемін. Нотариаттық палатаның Төрағасы ретіндегі қызметім нотариаттың беделін нығайтуға, Палатаның дамуына үлес қосуға және әрбір мүшесінің қолдауды сезініп, болашағына сеніммен қарауына жағдай жасауға бағытталатын болады.

Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңыз мен үшін өте маңызды.

Әр нотариустың орны ерекше, пікірі ескеріліп, құқығы қорғалатын Палатаны бірге құрайық!

Таджиева Әсия Тоқанқызы

Астана қаласы Нотариаттық палатасының төрағасы лауазымына кандидат